

Сүйек іші имплантациясы. Түрлері.Көрсеткіші,тәсілдері.

Қабылдаған : Темуров
Ф.Т.

Орындаған : Әбдеш .А.Ә
Тобы : стк-101

Тістік имплантация - өте күрделі және аса тез қарқынмен дамып келе жатқан стоматологиялық пән болып саналады. Бұған куә есебінде мысал келтірсек, тістік имплантаттар біздің эрамызға дейінгі кезеңдерде де қолданғанын археологиялық қазбалар нақ дәлелдеп есебінде көрсетіп отыр. Олардың мәліметтеріне сүйене отырып, тістік имплантаттарды Мысырда, Грецияда, Этрустар, Қытай, Индия және Араб елдерінде тістік трансплантация, ал Орталық және Оңтiстiк Америкада тәжірибе ретінде бос қалған тіс ұяшықтарын әртүлі имплантаттар мен толтырып отырған. Стоматологиялық (тістік) имплантология заманауи медицинаның ең жетік меңгерілген жобалардың өзектісі болып саналады. Бұл жоба ХХ ғасырдың ортасында кішігірім пән мамандығы есебінде дүниеге келді. Бірақ өзінің ғылыми тұрғыдан көп зерттелуі керек екендігін және оның көкейкесті мәселелерін ғылыми тұрғыдан зерттеулер нәтижесінде қарқынды өсу дәуірінде екендігін аңғартуда. Имплантаттарды қолдану арқылы стоматологиялық ем жүргізу мамандар және науқастар жағынан үлкен қызығушылықтар туғызуда.

Алғаш рет имплантатты Россия Федерациясында қолданған ғалым атақты Н.В. Склифосовский клиникасының дәрігері, Мәскеу Университетінің тіс емдеу бойынша доценті, медицина докторы Н.Н. Знаменскийді атауға болады. Осы сала бойынша ол 18 жыл қызмет атқарады және көптеген жаңа жаңалықтар ашты. «Имплантат», «Имплантация» - деген медициналық атауларды Н.Н. Знаменский енгізді және қазіргі заман медицинасында кеңінен қолданылып келуде.

Н.Н. Знаменский бірінші тәжірибесін 1890 жылы қараша айының 27-ші жұлдызында өткізді. Ол имплантат есебінде фарфор мен каучукті қолданып тіс қатарын толықтырды. Өкінішке орай, ол кісі-ғалым ретінде өзінен кейін шәкірт қалдыра алмады және өз мектебін аша алмады.

Чепулис, М.З. Миргазизов, Т.Г. Робустова, В.Н. Олесова, А.А. Кулаков және т.б. Бұл ғалымдардың ғылыми еңбектерінде тістік имплантология мәселелері, тістік имплантация жасауға болатын және болмайтын жағдайлар, тістік имплантация жасауға көрсеткіштер мен қарама-қарсы көрсеткіштер мен қатар тістік имплантацияның болжамдары, имплантат жасалатын керекті заттар көкейкесті шешімін толық таппаған мәселелер ретінде көтерілді.


Біздің елімізде Тәуелсіз Қазақстанда тістік имплантацияны бірінші болып Республикалық Ғылыми Клиникалық Стоматология Орталығы, ҚазҰМУ-нің хирургиялық және ортопедиялық стоматология кафедралары профессорлар Ж.Б.Оразалин мен Қ.Т. Төлеуов басшылығында клиникаға енгізе бастады. Тістік имплантацияның Тәуелсіз Қазақстанда дамуында ғылыми-өндірістік бірлестік Импланттың көмегі мен қолдауы орасан күшті болды. Бұл сала бойынша ғылыми-өндірістік бірлестік Импланттың алатын орны айрықша және мәртебелі. Тістік имплантация еліміздің үлкен қалаларында: Алматы, Астана, Қарағанды, Өскемен, Тараз және Шымкент жақсы жолға қойылған.

«Имплантат»-дегеніміз белгілі бір пішінге ие болған, биологиялық емес заттан жасалған, адам организміне енгізген кезде, адам организмінде ұзақ уақыт сақталып, белгілі қызмет атқаратын затты атаймыз. Қолданылып жүр-ген импланттарды түрлері көп болғанымен, олар бір тұжырымдамаға бағынады. Әрбір имплантат басы, денесі және оларды қосып тұратын мойын бөлімінен тұрады.


Әрбір «Имплантат» келесі талаптарға жауап беруі тиіс:

1. Имплантолог мамандардың пайдалану үшін қол жетімді болуы шарт,
 2. Айналасындағы тіндерді жарақаттамауы керек,
 3. Адам организмдегі тіндерге оңай енгізіліп, оңай шығарылуы қажет,
 4. Таяныш, демеу және ұстап тұрушы қызметтерді атқаруға,
 5. Әртүрлі өзгерістерге, күштерге төтеп беретіндей және сынуға қарсы тұра алатындай қасиетке ие болып, ерекшеліктеніп тұруы керек.
- Тістік имплантаттарды атқаратын қызметіне байланысты және айналасындағы тіндермен қарым-қатынасына қарай 5 топқа бөлінеді:


- 1. Эндодонто-эндооссалді имплантация, имплантат тіс өзегіне енгізген таяқша тәрізді болады, сүйек тініне тамырдың арығы арқылы енгізіледі.




- 2. Эндооссалді имплантация, әртүрлі имплантаттар сүйек тініне енгізіледі.



- 3. Субпериосталді имплантация, әртүрлі имплантаттар сүйек асты тініне енгізіледі. Ол 2-кезеңнен тұрады. Бірінші-ұяшық өсіндіні тіліп, ашып алына-ды, одан кейін қалып алып жеке имплантат дайындалып, 2-ші кезеңде дайын имплантатты орнына қойып, шырышты қабат және сүйек асты қиындысы жабылады.



- 4. Инсерт- имплантация немесе шырышты қабат ішілік, металдан жасалған түймелі имплантатты шырышты қабат астына енгізу.



1-Протез; 2-сүйек; 3-шырышты қабат; 4- шырышты қабат ішілік имплантат; 5- пластмассалық түтік.

- 5. Субмукозды имплантация, шырышты қабаттың өтпелі қатпарына қақпақты немесе алып-салынатын тіс протездерінің ұстап қалатын-кідіру аймағына тұақты магнитті енгізу.

Тістік имплантация жасауға болатын көрсеткіштер мен болмайтын қарама-қарсы көрсеткіштер:

Бірінші кезекте тістік имплантация жасауға болатын көрсеткіштер қатарына екіншілік адентия-тістің болмауы немесе түсіп кетуі, оны тістік имплантация жасау арқылы қалпына келтіру, егерде мүмкіншілігі болса сүйек ішілік имплантаттардан кеңінен пайдаланып, науқастарды емдеуде ортопедиялық әдіспен бірге сүйек ішілік имплантаттарды қолдану болып саналады.

Тістік имплантация жасауға болатын көрсеткіштер:

Екі немесе бір жақта тістерінің мүлдем болмауы – толық адентия, тіс қатарының ішінара кетігі, тіс қатарының соңғы бөлігінің кемтігі, тіс қатарында бір тістің жоқ болуы, жеке адам организмінің пластмассаға сезімталдығының жоғары және құсық рефлексінің болуы, сонымен қатар алмалы-салмалы протездерді таға алмауы, тістесу қызметінің бұзылуы нәтижесінде ауру белгілерінің пайда болуы.

Тістік имплантацияны жасауға болмайтын қарама-қарсы көрсеткіштерін абсолютті және салыстырмалы деп 2-ге бөлеміз:

Абсолютті қарама-қарсы көрсеткіштер:

Психикалық науқастар (шизофрения, паранойя, невротикалық белгілер) қалқанша безінің қызметінің бұзылуы, қан ауруларымен ауыратын науқастар, Кушинга белгісі, қатерлі ісіктер, пародонтоз ауруының жайылмалы түрі.

Салыстырмалы қарама-қарсы көрсеткіштер:

Ауыз қуысы тазалығының (гигиенасының) нашарлығы, созылмалы пародонтоз ауруының жайылмалы түрінің асқынуы, қант диабетімен ауыратын науқастар сәулелі емнен кейін, ауыз қуысы шырышты қабатының рак алды аурулары, остеопароз, климакс кезеңі,маскүнемдік пен наркомания, екі қабат әйелдерге немесе туғаннан кейін (1 жылдан ішінде), гормонды дәрі-дәрмектерді пайдаланатын науқастарға, патологиялық тістесу, төменгі жақ самай буыны аурулары және де аурулардың соматикалық түрлері мен созылмалы түрлерінің өршу кезеңінде.

Сүйек ішілік тістік имплантация отасына науқастарды дайындау сатысы басқа оталарға қарағанда өзінің ерекшелігімен оқшауланып тұрады. Сол себептен ауыз қуысын толық тазарту қажеттілікті талап етеді.

Тістік имплантация отасын жасау үшін науқасты мұқият дайындау керек. Ол үшін науқасқа жоспарланған тістік имплантация отасы туралы толық мәліметтер беру, отадан кейінгі жағдай және асқынуларды түсіндіру керек.

Клиникалық мәліметтерді зерттей отырып, тістік имплантация отасынан кейін болатын асқынуларды ескертуге қортынды жасадым. Олар мыналар:

1. Тігілген жара қырлары тігісінің ажырап кетуі, имплантаттың ашылып қалмауы
2. Тігілген жара қырлары тігісінің ажырап кетуі, имплантаттың ашылып қалуы
3. Имплантат аймағында қабыну ұйыспасының пайда болуы
4. Имплантат аймағында, имплантаттың қозғалысының I-II дәрежесі болып сүйек тінінің сорылуы болмаған жағдайда
5. Имплантат аймағында, имплантаттың қозғалысының II-III дәрежесі болып сүйек тінінің сорылуы болған жағдайда
6. Имплантат аймағында, имплантаттың қозғалысының III-IV дәрежесі болып сүйек тінінің сорылуы болған жағдайда
7. Имплантат аймағында ауру сезімі және сезімталдықтың бұзылуы,
8. Имплантат аймағында ұяшық өсіндісінің остеомиелиті,
9. Имплантаттың мойын бөлігінің сынуы,
10. Имплантаттың көрініп қалуы,
11. Гаймор қуысының тесілуі,
12. Тістердің бір-бірімен жарақатты (травматический окклюзия) тістесуі,
13. Салынған көпір тәрізді протездің сынуы,
14. Жақ сүйегінің кортикалды қабатының сынуы,
15. Имплантат аймағында периоститтің пайда болуы,
16. Имплантаттың сүйек тініне жабыспай-бітіспей ажырап кетуі.

Имплантаттарды дайындауға арналған заманауи заттар

Әлем стоматолог-имплантолог дәрігерлердің тәжірибесінде ең жауапты да маңызды мәселелердің бірі имплантатны дайындау болып есептелінеді. Сондықтан дайындайтын затқа аса көңіл бөлген қажет. Себебі барлық заттарды имплантат есебінде қолдануға болмайды.

Имплантат мынандай қасиеттерге жауап беруі тиіс:

Имплантат тотықпауы, биотолерантты, адам организмiне (жақтың сүйектерiне) жеңiл енгiзiлiп, жеңiл шығуы, салмағы айтарлықтай ауыр болмауға, сүйек тiндерiне сiңiсу қабiлетi жоғары болу керек. Осындай қасиеттерге жауап беретiн жалғыз зат бар, олда болса титан және оның қоспалары. VT1-00 және VT1-0, оны техникалық тұрғыдан алғанда таза титан деп атайды.

Бұл металл жоғарыда келтiрiлген қасиеттердiң барлығына жауап бергендiктен имплантат есебiнде қолдануға рұқсат етiлген. Аталған қасиеттерiнiң барлығы клиникалық зерттеулермен және химиялық әдiстер арқылы зерттелiп дәлелденген. Қазiргi кезде тiстiк имплантация жасауға қолданатын жаңадан көптеген заттар енгiзiлуде. Соның бiрi: өз қалпын сақтап қалатын никелид-титан жасалған тiстiк имплантаттар (TiNi). Жоғарыда аталған қасиеттердiң барлығына жауап берумен қатар, ол затты магнит сезбейдi, сондықтан амагниттi деп аталады және кедендiк бекеттерде тексергенде, тексеру құралына жауап бермейдi.

Осындай тiстiк имплантаттың иесi медицина ғылымдарының кандидаты Темуров Ф.Т.

Тістік имплантация жасауға керекті құрал-жабдықтардың үлгісін ұсынуды жөн көрдік Chiropro 980



Құрал-жабдықтарды шығаратын

Мекеме: BIEN-AIR

Ел: Швейцария

Сипаттама:

Бір және екі моторға арналған үстел үстіндегі құрылғы. Бордың айналу уақытынан бастап, айналу жылдамдығына нәтижелі бақылау-100%. Үлкен санды көрсеткіш жарықтанғыш құралымен. Қалаған мезетте қолдың күшімен 8-жоспар бойынша өзгертуге болады.

ELCOMED

Құрал-жабдықтарды шығаратын Мекеме: W&H Австрия



Сипаттама:

Қуатты-күшті, бет-жақ аймағы хирургиясында, имплантологияда, микрохирургия және кіші сүйектер хирургиясында қолданатын көп салалы құрылғы.

Ерекшелігі: моторында щеточкасы болмайды – тіректі, техникалық күтімді талап етпейді, залалсыздандыруға өте Қолайлы

IMPLANTMED



Құрал-жабдықтарды шығаратын
Мекеме: W&H Австрия
Сипаттама: Қуатты-күшті, бет-жақ аймағы
хиургиясында,
имплантологияда, микрохиургия және кіші
сүйектер хиургиясында қолданатын көп
салалы құрылғы.

Ерекшелігі:қарапайым, моторында
щеточкасы болмайды – тіректі, техникалық
күтімді талап етпейді, залалсыздандыруға
өте қолайлы.

Қорытынды:

Қорыта келе айтқанда, тістік имплантация әдісімен науқастарды емдеу заман талабы. Сондықтан болар оның маңызды да тиімділік жақтарын қасие-ттеріне байланысты таңдап, стоматологиялық тәжірибеде кеңінен қолдануға болатындығын дәлелдеме ретінде ұсынамыз. Уақытша протездердің гигиеналық күтімі, тістерді жұмсақ тіс тазалағышымен абайлап тазалу керек. Салынған тігістерді жарақаттамауға тиіс. Сұйық және жұмсақ тағамдардан пайдануды ұсынамыз. Бұл тағамдармен емдеу кезеңінде және тұрақты протездерді орнына отырғызғаннан кейін 2-апта бойы тамақтану-қажеттілігін талап етеді. Тағамдық сұйық ақ уыз-дың (белоктардың) қоспасынан пайдалану тиімді деп есептелінеді. Егерде науқаста асқазан-ішек жолдарында бұзылыстар болатын болса, онда ол өзінің емдеуші дәрігерінен кеңес алу және оған жүгінуі шарт.

Қойылған протездерде кішігірім қозғалыс болатын болса, ондай протезді тұрақты түрде отырғызуға болмайды. Тістік имплантация әдісімен емделген науқастар қосымша емдік шараларына мұқтаждық болмауы керек, тек қана тағамдардан дұрыс пайдаланып, гигиеналық күтімге зор мән беру керек екендігін ұмытпауы тиіс.